



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
(Ж. Амантай, Н. Әшімбетов,  
Д. Тұрғанов, Ү. Шапақ)

2023 жылғы 5 сәуірдегі № ДС-39

### Құрметті депутаттар!

Екібастұз ЖЭО апатының салдарын қалпына келтіруге қатысты мынаны хабарлаймын

Қазіргі уақытта Екібастұз қаласының 5,3 км жылу желілерін қайта жаңартуға 9 064 380 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді.

Сонымен қатар, Павлодар облысының әкімдігі мен «Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы» АҚ арасында жауапкершілікті жергілікті атқарушы органмен бөлу бөлігінде меморандумға қол қойды, Екібастұз ЖЭО-ң су жылыту және энергетикалық қазандықтарын жөндеу бойынша қажетті жұмыстардың тізбесі айқындалды.

Меморандум шеңберінде ЖЭО-ң 5 су жылыту қазандығы (№ 11 – 15) және 3 энергетикалық қазандық (№ 6, 7, 8), сондай-ақ қосалқы жабдықтар, ғимараттарды жөндеу жұмыстарын меншік иесімен тепе-тең негізде шамамен 15 млрд. теңге сомаға жүргізу бойынша іс-шаралар әзірленді.

Бүгінгі күні уәкілетті мемлекеттік орган облыс әкімдігімен бірлесіп, қаржыландыруды ұйыдастыру мақсатында 5 су жылыту қазандығында жөндеу жұмыстарының есептеулері жүргізілуде.

Бұдан басқа, жылумен жабдықтаудың температуралық кестесін сақтамауына байланысты «Екібастұзтеплоэнерго» ЖШС 2022 жылғы қарашадан бастап 2023 жылғы наурызды (қоса алғанда) жылу энергиясы үшін қайта есептеу жүргізілді.

Сондай-ақ, акционерлердің есебінен 2022 жылғы желтоқсанда және 2023 жылғы қаңтарда тұтынушыларға нормативтік тұтынуға сәйкес тұтынылған электр энергиясы үшін өтемақы жасалды. Бұл ретте 2023 жылдың ақпан және наурыз айлары үшін өтемақыны жасау мәселелерін жергілікті атқарушы орган және «ОАЭК» АҚ пысықтауда.

Жалпы, жоғарыда аталған жұмыстар Үкіметтің бақылауында және қаланы алдағы жылыту маусымына толыққанды дайындауды қамтамасыз ету бойынша қажетті шаралар қабылдануда.

Р. Скляр